

Мемлекеттік гранттарды  
қалыптастыру, беру,  
мониторингтеу және  
олардың тиімділігін бағалау  
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау  
орталығы" коммерциялық емес акционерлік  
қоғамына

Кімнен: : «Бала жолы» қоғамдық қорынан  
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

### Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	180440022169			
2. Ұйымның тіркелген күні	16 сәуір 2018 жыл			
3. Ұйымның толық атауы	«Бала жолы» қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 А шағын аудан			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Жолдыбаев	Аты Таңат	Әкесінің аты (болған жағдайда) Реймұлы	Лауазымы Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"><li>• қазақстандық қоғам арасында ізгілік пен мейірімділік мұратын қалыптастыруға, өскелең ұрпақты моральдық-этикалық нормалардың қағидаларына тәрбиелеуге, оның белсенді жасампаз өмірлік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қатысу;</li><li>• балалар мен жасөспірімдерге, жастарға білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағартушылық салаларында, тұлғаның рухани дамуы жолында қолдау көрсету;</li><li>• Ғылыми және мәдени алмасу, тарихи орындармен таныстыру, насихаттау, туризм саласында жұмыстар ұйымдастыру (Маңғыстау облысы және республиканың басқа да облыс, қалаларында экскурсиялық іс-шаралар, фестивальдер және басқа да ұқсас шаралар ұйымдастыру);</li></ul>			

	<ul style="list-style-type: none"> <li>•балалар мен жасөспірімдерге, жастарға арналған оңалту орталықтарын, медициналық мекемелер, спорттық-сауықтыру кешендерін, интернаттар мен балалар үйлерін, жастар үйлерін, мәдениет және өнер, шығармашылық орталықтарын құруға, сондай-ақ телерадиокешен құру, газет, журнал, фотостудия ашуға жұмыстану;</li> <li>•балалар мен жасөспірімдер, жастар арасында ғылыми-техникалық, көркем шығармашылығының дамуына ықпал ету;</li> <li>•Аукциондар, фестивальдер, байқаулар, көрмелер, концерттер, әр түрлі қайырымдылық, естелік және салтанатты іс-шаралар, сондай-ақ кездесулер, симпозиумдар, семинарлар, тренингтер, конференциялар, форумдар, баспасөз-мәжілістер, брифингтер, спорттық іс-шаралар, ақпараттық-насихат жұмыстарын, мемлекеттік тілді насихаттау іс-шараларын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, әскери-патриоттық тәрбиелеу іс-шараларын, шеберлік сағаттарын, пікірталас сайыстарын, әр түрлі сала бойынша жүлде тағайындауды ұйымдастыру және өткізу;</li> <li>•электронды, баспа бұқаралық ақпарат құралдарында және ақпараттық желілерде заңмен белгіленген тәртіпте ақпараттық қызметті жүзеге асыру, Интернет желісінде Қордың қызметін жариялайтын электронды ақпараттық ресурстарды құру және қолдау;</li> <li>•Қордың жарғылық мақсаттарын барынша тиімді шешу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін өзі басқару органдарымен, заңды және жеке тұлғалармен, оның ішінде халықаралық және шетелдік ұйымдармен өзара қарым қатынас орнату;</li> <li>•Балалар мен жасөспірімдерге, жастарға мейірім, аяушылық білдіру және көмек көрсету қағидаларын қоғамда таратуға бағытталған фильмдер, мультфильмдер, сондай-ақ телерадио және басқа да бағдарламалардың өндірісі мен прокатқа шығарумен байланысты қызметті жүзеге асыру;</li> <li>•Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру;</li> <li>•Жарнама роликтерін, бейнебаяндарды, деректі фильмдерді әзірлеу және оны жариялау.</li> </ul>
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	Балалар, жасөспірімдер, жастар, қала, ауыл жастары, жұмысшы және жұмыссыз жастар, студенттер, оқушылар, ҮЕҰ , БАҚ, діни ұйымдар өкілдері, облыс тұрғындары, мемлекеттік мекеме қызметшілері
8. Ұйымның байланыс телефоны	87025014781
9. Электрондық пошта мекенжайы	ten81@inbox.ru
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	Жасақталуда

11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)  
 Facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100003270845135>  
 Facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100094638368502>  
 Instagram: <https://www.instagram.com/p/CujTj9nsA7q/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D>

№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
				Басталуы	Аяқталуы	
1.	«Рухани жаңғыру» аясында Маңғыстау жастары жобасы бойынша Жәңгір жолы АӨД ҚХА өңірлік штабының іс-шараларын ұйымдастыру және ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету	1 456 000.00	Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2019-03-16	2019-12-31	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік маңызы бар жобалар ұйымдастырылып, іске асырылды және Маңғыстау облысы Қазақстан Халқы ассамблеясының «Жаңғыру жолы» өңірлік жастар ұйымының шаралары жоспарға сай өткізілді. Нәтижесінде мыңнан аса жастар қамтылды. Сондай-ақ, қызмет көрсету барысында ілеспе жұмыстар да көрсетілді.
2	Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу, тарихи-мәдени ескерткіштермен танысу мақсатында "Карлаг" және "Алжир" мұражайларына көшбасшы жастардан құрылған экспедиция ұйымдастыру	1 622 880.00	"Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2019-05-28	2019-12-31	Тапсырыс аясында Жаңаөзен қаласының жастары Қарағанды мен Ақмола облысындағы тарихи мәдени ескерткіштер «Карлаг» және «Алжир» мұражайларына барып келді.

12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар \*  
 Ескерту.  
 \* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.

3	Жаңаөзен қалалық жайдарман лигасын ұйымдастыру	554 400.00	"Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2019-07-23	2019-12-31	Жаңаөзен қаласынан бірнеше команда бақ сынасып, жүлделі орындарға ие болды. қамтылған жастар саны 500 адам.
4	Телеарна мен әлеуметтік желілерде шоуы бар арнайы телевизиялық жоба-реалити-шоу ұйымдастыру және шығару	6 499 500.00	"Маңғыстау облысының инвестициялар және туризмды дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2020-06-17	2020-12-31	Маңғыстаудың киелі және тарихи жерлері туралы 10 деректі фильм әзірленіп, жергілікті телеарнада және ютуб платформасы арқылы көрсетілді.
5	Телеарна және радио арқылы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша халықтың ақпараттануы	22 499 345.00	"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2020-08-10	2020-12-31	Жұмыс барысында білікті телеарна редакторларының, телеоператорлар мен режиссерлардың қатысуымен медицинадағы бірнеше өзекті тақырыптар арқау болған әлеуметтік бейне/аудиороликтер әзірленіп, жергілікті телеарна мен радио арқылы эфирге шығарылды. Жалпы шығарылым саны – бейнеролик 15334, аудиоролик 7010. Сондай-ақ, жергілікті медицина мамандарының қатысуымен 10 телесұхбат әзірленіп, эфирге және ютуб платформасы арқылы

						көрсетілді.
6	Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желілерінде деструктивті діни ағымдардың жағымсыз жақтарын ашып көрсететін ақпараттық материалдарды (бейнероликтер, арнайы хабар, мақалалар, және т.б. материалдар ) дайындау, БАҚ пен интернетте тарату, телеарнада жариялау қызметі	3 450 000.00	"Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2020-12-09	2020-12-31	БАҚ пен интернет желілерінде деструктивті діни ағымдардың жағымсыз жақтарын ашып көрсететін ақпараттық материалдар дайындалды, соның ішінде республикалық және жергілікті газеттерге 8 мақала жарияланып, 5 тақырыпта әлеуметтік ролик дайындалды. Және жергілікті телеарнадан арнайы хабар әзірленіп, журналистік зерттеу жүргізілді.
7	"Мыңжылдық Маңғыстау" атты Маңғыстаудың киелі жерлеріне экспедиция ұйымдастыру	350 000.00	"Жаңаөзен қаласының Қоғамдық даму орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2021-10-08	2021-12-31	Қызмет аясында Жаңаөзен жастары Маңғыстау ауданы аумағында орналасқан бірқатар киелі және тарихи орындарға барып, өлкенің тарихымен танысты.
8	Жыл үздігі - 2021 қалалық жастар сыйлығы	700 000.00	"Жаңаөзен қаласының Қоғамдық даму орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2021-11-03	2021-12-31	Шара аясында Жаңаөзен қаласының 20 жасына жыл сайынғы әкім сыйлығы мен марапат беріліп, құрмет көрсетілді.
9	Қазақстан Республикасының	3 582 000.00	"Жаңаөзен қаласының		2021-12-31	Шара аясында «Сая» демалыс аймағында үш күн

	Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай "ЖАЗҒЫ САЯСИ ЛАГЕРІ-2021" 3-күндік іс-шарасын ұйымдастыру және өткізу қызметі		Қоғамдық даму орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2021-12-02		қатарынан жастарға арналған тренингтер ұйымдастырылды. Бірнеше тақырыпты қамтыған тренингтердің лекторлары арнайы шақырылды. Қатысушы жастар саны 100 адам.
10	Аз қамтылған, көп балалы, толық емес және мүгедек балалардың аналарына мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша кешенді қолдау көрсету бойынша қызметтерді ұйымдастыру	4 400 000.00	"Ақтау қаласы әкімдігінің "Жанұя" отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2023-10-03	2023-12-31	Жобаның маңызды мақсаттары, міндеттері аз қамтылған, көп балалы, толық емес және мүгедек балалары бар аналарға кешенді қолдау көрсету. Оларға аспаздық, шаштараз, бет әрлеу, тігіншілік шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, Маңғыстаудың киелі жерлеріне экспедиция ұйымдастыру, келіншектерді белсенді өмір салтына тарту арқылы ролдерін арттыру. Жаңа мамандыққа үйреніп, жеке кәсібін бастауға негіз болу. Мамандарды тарта отырып, психологиялық және заңгердің кеңестерін беру. Қатысушылар саны 100 адамнан кем емес. Қатысушылардың жобаға қызығушылық факторы нәтижеге тиімді қол

						жеткізуде оң әсер етті. Қызмет алушылар үшін жоба жаңа мүмкіндік мәніне ие болды.
11	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру, қарсы үгіт-насихат жұмысын, деструктивті діни ағым ұстанушыларын анықтау жұмысын ұйымдастыру қызметі	5 096 350.00	"Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2023-08-09	2023-12-31	Жобаның маңызды мақсаттары, міндеттері Жаңаөзен қаласында және іргелес елді мекендерде жастар мен жасөспірімдер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру, қарсы үгіт-насихат жұмысын, деструктивті діни ағым ұстанушыларын анықтау жұмысын ұйымдастыру қызметі. Жобаны жүзеге асыру барысында барлық іс-әрекеттер тапсырыс берушімен келісілді. Жоба басшысы шара өткізу үшін қажетті ресурстарды жұмылдырды. Қаладағы колледж студенттері, белсенді жастармен, мектеп оқушылары, мұғалімдермен 11 кездесу, ақпараттық материалдар әзірлеу, баспа беттеріне, жергілікті телеарна, әлеуметтік желілерге орнату, ақпараттық үлестіру

	<p>материалдарын (брошюралар, банер, «паучок» сияқты баспахана өнімдерін) әзірлеп, жастар театрымен келісе отырып, 3 спектакль ұйымдастырды, Алматы қаласынан арнайы шақырылған теолог, дінтанушы маманмен TedX форматында кездесу ұйымдастырылды, өлкеге белгілі блогерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларына жарияланды, қысқаметражды 13 бейнероликтер әзірленіп, діни бірлестік өкілдерімен әріптестік орнатылды.</p>
--	---

2. Әлеуметтік жобаның командасы

<p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p>	<p>1. Жолдыбаев Таңат Реймұлы – жетекші  2. Утемис Тимур Рысбайұлы – есепші  3. Бисембиев Бектас Рахимғалиевич – SMM маман</p>
---	--

<p>2. Жұмыс тәжірибесі</p>	<p><b>1. Жолдыбаев Таңат Реймұлы – жетекші</b>  – Ұйым: «Бала жолы» қоғамдық қоры  – Лауазым: Директор  – Басталған жылы: 2018 жыл</p>
----------------------------	--



	<p>– Бітірген жылы: осы уақытқа дейін</p> <p><b>2. Утемис Тимур Рысбайұлы – есепші</b></p> <p>– Ұйым: Ақтау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы</p> <p>– Лауазым: Заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімінің бас маманы</p> <p>– Басталған жылы: 2013</p> <p>– Бітірген жылы: 2022</p> <p><b>3. Бисембиев Бектас Рахимғалиевич – SMM маман</b></p> <p>– Ұйым: «Шабыт» балабақшасы</p> <p>– Лауазым: SMM Менеджер</p> <p>– Басталған жылы: 2021</p> <p>– Бітірген жылы: 2022</p>
3. Қосымша мәліметтер	<p><b>1. Жолдыбаев Таңат Реймұлы – жетекші</b></p> <p>Бірнеше сертификаттар мен дипломдармен, алғыс хаттармен, мерейтойлық медальдармен марапатталған. Қалалық, облыстық, республикалық мәдени-көпшілік іс-шаралардың ұйымдастырушысы, сценарисі, модераторы, шығармашылық байқаулардың авторы, түрлі деректі фильмдерді дайындау жұмысына атсалысқан, Қазақстан Жастар Конгресінің делегаты, Латын қарпінің жаңа емлесі тақырыбында семинар-курстың тыңдаушысы, телерадио саласының маманы, дербес компьютерде еркін жұмыс істейді. MS Word, WS Excel, Internet, Outlook, Power point қолданушы. Мамандығы педагогикалық, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.</p> <p><b>2. Утемис Тимур Рысбайұлы – есепші</b></p> <p>Қаржы мамандығы бойынша жоғары білім бар. Ұйымдастыру қабілеттілігі, ұқыпты, ақкөңіл, адамдармен тез тіл табыса алады, өз ісіне жауапты. Windows, MS Office, Internet, ИССОНО, 1СБухгалтерия 8.2 бағдарламаларында еркін жұмыс істейді.</p> <p><b>3. Бисембиев Бектас Рахимғалиевич – SMM маман</b></p> <p>Ағылшын тілінің маманы. Сонымен қатар, қытай тілін меңгерген. Тілтапқыш, бастамашыл, жауапты. Межеленген нәтижеге қол жеткізуге құмар. Компьютерлік бағдарламалармен еркін жұмыс істейді. MS Word, WS Excel, Internet, Outlook, Power point қолданушы.</p>

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме

1. Жолдыбаев Таңат Реймұлы – жетекші: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100003270845135>
2. Утемис Тимур Рысбайұлы – есепші: [tima\\_13\\_91@mail.ru](mailto:tima_13_91@mail.ru)
3. Бисембиев Бектас Рахимғалиевич – SMM маман: [bektas.1990@mail.ru](mailto:bektas.1990@mail.ru)

3. Жоба туралы

1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)

Отбасы институтын нығайту

2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы

Отбасы институты – тұлға мен қоғам арасындағы маңызды байланыс

3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)

Мемлекет басшысы өзінің сөзінде (2021 ж.) отбасы саясатын кешенді жүргізу және отбасы институтын қолдау қажеттігін атап өтіп, берекелі және бақытты отбасы қуатты елдің тірегі және гүлденуі деп атап көрсетті. Бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде отбасы институтын қолдау бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылуда... 2022 жылы Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жандандырылды. Тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-қимыл жоспарында тұжырымдама міндеттерінің орындалу тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін нақты индикаторлар көрсетілген. Индикаторларға әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері саны және тіркелген некелердің жалпы санынан бұзылған неке санын төмендету көрсеткіштері енгізілген. .. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап отбасындағы бала санына қарай көпбалалы отбасыларға сараланған мөлшерде жәрдемақы енгізілді. Қолданыстағы заңдарға сәйкес көпбалалы отбасылар мен «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналар коммуналдық тұрғын үй қорынан бірінші кезекте үй алуға құқығы бар. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың мектепке қажетті керек-жарақпен қамту, оқып жатқан жерінде тегін тамақтану, қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүруді қамтамасыз етуді қарастыратын кепілді әлеуметтік пакетке құқығы бар... Президент Қазақстан халқына жолдауында балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырды. Аталған бағдарлама ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына 18 жасқа толғанға дейін аударуды көздейді. Жинақталған қаржы балалар кәсіптік білімге жеткізіледі және олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады. Жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу белгіленген. .. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тіркелген фактілерінің соңғы жылдары төмендеуіне қарамастан, бұл проблема өзекті және көптеген зорлық-зомбылық жағдайлары айтылмай, жасырын қалуда. Бұл жағдайларда ең осал топ балалар болып табылады. Ерте жаста некеге тұру мәселесі де өзекті, 2021 жылы 57 ер адам мен 862 әйел ерте жаста некеге тұрған. Жүктілікті жасанды түрде үзу жағдайлары бар, оның ішінде кәсіпкерлікке толмағандар арасында орын алған. ҚР

	<p>ДСМ деректері бойынша 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында ересек тұрғындар арасында жүктілікті жасанды түрде үзудің 25 577 жағдайы және жасөспірімдер арасында 182 жағдайы тіркелген. Ана өлімі көрсеткішінің жыл сайынғы өсуі ұзақ мерзімді динамикада 2021 жылдың соңына дейін байқалады. Мәселен, егер 2016 жылы бұл көрсеткіш 100 000 тірі туылғанға 12,7 болса, ал 2021 жылдың соңында ол 44,7 құрады. Бұл ретте қол жеткізген жетістік ретінде 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында ана өлімі коэффициентінің төмендегенін атап өткен жөн (тиісінше 100 000 туылғанға 11 және 100 000 туылғанға 26,4). 2021 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша нәресте өлімінің көрсеткіші 7 пайызға өсті және 2020 жылдың ұқсас кезеңінде 1000 тірі туылғандарға шаққанда 7,79-ға қарсы 8,35 құрады. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында да осы көрсеткіштің өсу үрдісі сақталды, бұл алаңдатарлық жағдай.</p> <p><u>Дереккөз (2023 жыл):</u> <a href="https://zhasalash.kz/news/otbasi-institutin-damitu-maseles-ozekt-2952f4/">https://zhasalash.kz/news/otbasi-institutin-damitu-maseles-ozekt-2952f4/</a></p> <p>Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек Қазақстан Республикасында некеге тіркелгендер саны бүгінгі таңда 128359, ал ажырасуға 44517 адам тіркелген. Олардың 74,6 пайызы қалалықтар болса, 25 пайыздан астамы ауыл-аймақтардың тұрғындары.</p> <p><u>Дереккөз:</u> <a href="https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=31&amp;slug=-26&amp;cat_id=2&amp;lang=kk">https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=31&amp;slug=-26&amp;cat_id=2&amp;lang=kk</a></p> <p>Соңғы 12 ай ішінде (Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты іріктемелі зерттеу деректері бойынша ) жыныстық серіктес болып табылмайтын адамның тарапынан күш көрсету немесе сексуалды зорлық-зомбылыққа душар болған 15-75 жастағы әйелдердің үлесі - 14 340. Күш көрсету зорлық-зомбылығы – 413 (2,9%), Серіктес болмаған тулғамен ұшыраған, зорлау – 105 (0,7%), Зорлау әрекеті немесе сексуалды зорлық-зомбылық – 170 (1,2%), Қайсы болса да сексуалды зорлық-зомбылық – 221 105 (1,5%).</p> <p><u>Дереккөз:</u> <a href="https://gender.stat.gov.kz/kk/category/4">https://gender.stat.gov.kz/kk/category/4</a></p>
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Ақтау қаласында отбасы институтын нығайту және отбасылық мәселелердің алдын алуға бағытталған іс-шараларға кемінде 1000 адамды тарту
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	<p>Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық қор төмендегідей міндеттерді іске асыруды көздейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, қалалық ақпараттық жиын өткізу;</li> <li>2. Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіруге бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалықбетпе бет кездесу ұйымдастыру;</li> <li>3. Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың <i>(нашақорлық пен ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид)</i> алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру;</li> <li>4. Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды сауаттылығын арттыру мақсатында ауқымды 2офлайн оқыту шарасын өткізу;</li> </ol>

	<p>1. Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 бағыттағы(мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.)оффлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру.</p>
<p>6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p>	<p>Жобаны тиімді іске асыру және қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін қоғамдық қор жоба бойынша белгіленген мақсаттар мен міндеттерді іске асырады. Қоғамдық қор жоба бойынша хабарландырулар, бейнеролик, өзге де ақпараттарды дайындап, әлеуметтік желілерде жариялайды.</p> <p>Қоғамдық қор жоба міндетін орындау үшін жобаны бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады.</p> <p><b>1 кезең. Дайындық кезеңі</b></p> <p>Осы кезеңде Маңғыстау облысы Ақтау қаласында жоба бойынша арнайы кеңсе жоба командасын жасақтап, құрады. Жобаға қажетті барлық құжаттар әзірленіп, бекітіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоба серіктестеріне арналған меморандум жобасы;</li> <li>- Полиграфиялық өнімнің эскиздері (баннерлер, брошюра және т.б.);</li> <li>- Ақпараттық науқан, соның ішінде жоба бойынша медиа-жоспар;</li> <li>- Бағдарламалардың сценаріі</li> <li>- т.б.</li> </ul> <p>Көрсетілген құжаттар қажет болған жағдайда оператормен келісілетін болады.</p> <p><b>Иновациялар:</b> Қоғамдық қордың әлеуметтік желідегі парақшасында қоғам белсенділерімен, әлеуметтік желі қолданушыларымен кері байланыс бойынша ақпараттық жұмыстар жасақталады.</p> <p><b>2 кезең. Жоба бойынша ақпараттық жұмыс</b></p> <p>Жоба міндетін орындау үшін ақпараттық науқанға сәйкес келесідей іс-шаралар өткізіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Идея алмасу, аудиторияны, оның ішінде Әкелер кеңесінің мүшелерін, ҮЕҰ өкілдерін, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту арқылы ақпараттық толқын ұйымдастырылады;</li> <li>- Әлеуметтік желілерде (Instagram және Facebook) қоғамдық қор парақшасы арқылы жоба туралы ақпараттар жарияланады. Қоғамдық қор парақшасында жоба туралы барлық өзекті ақпарат тұрақты негізде жарияланатын болады. Жарияланымдардың контент-жоспары әзірленеді;</li> <li>- Жобаның көрнекі өнімдерін шығару (баннерлер, хабарландыру, бейнеролик және т.б.);</li> <li>- БАҚ-та, оның ішінде республикалық деңгейде, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде (жеке медиа-план бойынша) жоба туралы</li> </ul>

мақалалар, посттар тұрақты жарияланады.

### **3 кезең. Жобаны іске асыру**

Отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелерінің физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ананы, әкені және баланы қорғау мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаты болып табылады.

Қоғамдағы отбасы институтының әлсіреуі – ажырасу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың артуына, балалар арасындағы психикалық ауытқулардың жиі пайда болуына әкеліп отыр. Сондай-ақ ата-ана мен бала, ана мен қыз, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас орнатудағы қиындықтарды әлеуметтік жағымсыз құбылыстарға әкеп соғуда.

Ақтау қалалық Ішкі істер басқармасына отбасылық-тұрмыстық салада 2022 жылы 423, 2023 жылы 343 шағым түскен. 2022 жылы 1088 тұлға, 2023 жылы 1398 тұлға қорғау нұсқамасы санатымен профилактикалық есепке қойылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге көмек көрсету бөлімшесін 2022 жылы 14 әйел, 42 бала барлығы 56 адам, 2023 жылы 30 әйел, 95 бала барлығы 125 адам паналады.

Жоғары да көрсетілген деректер қала көлемінде ата-аналармен жұмыс жүргізу, өмірлік қиындыққа тап болған әйелдерге көмек көрсету, әйел көшбасшылығын дамытумен қатар ер-азаматтардың жауапкершілігін күшейту бағытында іс-шараларды ұйымдастыруды жүйелендіру қажеттілігін көрсетіп отыр.

Қоғамдық қор аталған жоба арқылы облыста міндеттер мен мақсаттарға сай арнаулы іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр.

Жобаны іске асыру жоспары төмендегідей шараларды қамтиды:

- 1. Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, қалалық ақпараттық жиын өткізу**  
2023 жылдан бастап елімізде «Әкелер күні» тойланып келеді. Қоғам мен жанұяның өзара байланысын нығайту, отбасы құндылықтарын насихаттау, сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас қалыптастыру, ұрпақ тәрбиесіндегі әке рөлі мен оның маңызын, беделін айқындауды мақсат ететін форум ұйымдастыру. Шараға елге белгілі тұлғаларды қатыстыру арқылы ұрпақты тәрбиелеу кезінде әкенің ақылы, ананың жылулығы аса маңызды екенін баршаға ұқтыру. Әкеге жауапкершілік сыйлап, ел болашағынан үміт күтер жасөспірімдердің алдындағы әкелік парызын адал өтеуге шақыратын іс-шараның тұрақты өтуіне негіз болу. Жоба Әкелер кеңесімен, қала мен облыстық отбасы, бала құқығы комиссияларымен бірлікте, білікті мамандарды тарта отырып жүзеге асырылады.
- 2. Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіруге бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалық бетпе бет кездесу ұйымдастыру.**

Қазақстандағы осал отбасылар санатына бірінші кезекте көп балалы отбасыларды жатқызуға болады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес жыл сайын көп балалы отбасылар санының оң динамикасы байқалады. Мәселен, 2020 жылы көп балалы отбасылардың саны 2019 жылмен салыстырғанда 51%-ға, ал 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 14,8%-ға өсті. Жоба аясында осал топтағы аналармен кездесуге елге белгілі сарапшы-мамандарды тарта отыра, қалалық деңгейде ауқымды шара ұйымдастыру көзделеді. Шараға шақырылатын қонақ қалалық ішкі саясат бөлімімен, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиямен келісе отырып, бекітіледі.

- 3. Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың (нашақорлық пен**

**ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид) алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру.**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы институты туралы, жас отбасылардың ажырасу динамикасы мен оның алдын алу бойынша мәселелер қарастыралытн, мектеп оқушыларының арасында құқыбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында шаралар ұйымдастыру көзделеді.

Балалар мен жасөспірімдердің девианттық тәртіп формалары тәрізді нашақорлықтың негізгі себептерінің арасында бірінші орындардың бірі отбасындағы келеңсіз көріністер, ата-аналардың спирттік ішімдіктерге немесе нашақорлыққа салынуы, өмір сүру деңгейінің төмендігі, жанұя мүшелері арасында көтеріңкі көңіл-күй қатынастарының болмауы, жанұяда әкенің немесе шешенің болмауы, психоактивті заттарға оңай қол жеткізу, жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мен қолы бос болмауының нақты бағдарламасының жоқтығы сияқты әлеуміттік факторлар үлесінде. Жиі жағдайларда есірткілер қоғамдық орындарда: мектептерде, дискотекаларда, кафелерде, көшелерде, саябақтарда, есірткілерді таратушылар мен сатушылардың пәтерлерінде алынады. Шараға түрлі салада жетістікке жеткен жастар мен жасөспірімдерді шақыра отырып, оқушы, студент жастармен кездесулер ұйымдастырылады. Олар туралы бейнероликтер әзірленіп, көпшілікке көрсетіледі.

**4. Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды сауаттылығын арттыру мақсатында ауқымды 2офлайн оқыту шарасын өткізу.**

Қоғамдағы негізгі мәселе – балалар мен әйелдердің құқығы, тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға уақтылы көмек көрсету, тұрмыстық мәселелерге байланысты профилактикалық шаралар ұйымдастыру болып табылады. Президент өзінің Жолдауында тұрмыстық зорлық зомбылық оқиғаларының санын азайту мақсатында жүйелі шаралар қабылдау бойынша тапсырма берген болатын. Осы мақсатта тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша профилактикалық өте маңызды рөл атқарады. Бұл ретте көп жағдайда тұрмыстық немесе физикалық зорлық зомбылыққа тап болған әйелдер өз құқықтарын білмеуден, сауат төмендігінен зардап шегеді. Осыған байланысты білікті заңгерлердіжәне басқа да саланың мамандарын тарта отырып, әйелдердің құқықтық, қаржылық, менталды сауатын арттыру мақсатында оқыту шарасын ұйымдастыру көзделеді.

**5. Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 бағыттағы(мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.)офлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру.**

Ақтауда көп балалы және жалғызбасты аналарға қолайлы орта қалыптасрыу және жан жақты қолдау мақсатында «Жанұя» отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. 2023 жылы қоғамдық қор аталған орталықтың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында 100 анаға 4 бағытта (шаштараз, аспаз, тігін, бет әрлеу) бойынша шеберлік сағаттарын ұйымдастырды. Жоа барысында құқықтық, психологиялық кеңестер беріліп, оқу курстары аяқталған соң сертификаттар табысталды. Аталған жоба аясында биылғы жылы да жергілікті кәсіпкерлермен келісе отырып, шеберлік сағаттарын ұйымдастыру көзделуде. Атап айтсақ, тігін, аспаз, шаштараз, бет әрлеу бағыттарына сұраныс көп болғандықтан, оыс курстар әйелдердің жаңа кәсіп бастауына негіз болары сөзсіз.

	<p>Оператордың рәсімдеріне сәйкес растайтын құжаттары бар (жобаға қатысушылардың тізімі, іске асырылған жұмыстар туралы ақпарат, медиа есеп, жобаларды сүйемелдеу бойынша жүргізілген жұмыс материалдары, жоба туралы фото және бейне материалдар) жобаны іске асыру туралы шығармашылық есеп қалыптастырылып, операторға жіберіледі.</p> <p>Растайтын құжаттары бар жобаны іске асыру туралы Қаржылық есеп (Бухгалтерлік есеп нормаларын сақтай отырып, банктен үзінді көшірме және бастапқы қаржылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, қаржылық операциялар тізілімі) қалыптастырылып, операторға жолданады.</p> <p><b>Иновациялар:</b> Операторға жобаны одан әрі іске асыру және масштабтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін индикаторларды өлшеу, сондай-ақ жобаны одан әрі іске асыру бойынша ұсынымдар қалыптастыру үшін нысаналы топтарға әлеуметтік зерттеу жүргізілетін болады (қатысушылар, қызметтерді алушылар, серіктестер).</p>
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	1 мамыр, 2024 жыл
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	31 қазан, 2024 жыл
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<ol style="list-style-type: none"> <li>Негізгі нысаналы топ – Маңғыстау облысының тұрғындары, білім ордалары, әкелер кеңесі, аналар кеңесі, әйелдер ісі және отбасылық демографиялық саясат, балалар құқығын қорғау комиссиялары, мемлекеттік мекемелер, көпбалалы отбасылар, осал топқа жатқызылатын аналар, жастар, жасөспірімдер, колледж, университет студенттері, мектеп оқушылары.</li> <li>Жобаны қолдаушылар, серіктестер, мемлекеттік органдар (кеңесшілер).</li> <li>Еріктілер, әлеуметтік желі қолданушылары.</li> </ol>
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<ol style="list-style-type: none"> <li>Ақтау қаласы әкелерінің рөлін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, қалалық ақпараттық жиын өткізу;</li> <li>Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіруге бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалықбетпе бет кездесу ұйымдастыру;</li> <li>Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың (<i>нашақорлық пен ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид</i>) алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру;</li> <li>Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды сауаттылығын арттыру мақсатында ауқымды 2оффлайн оқыту шарасын өткізу;</li> </ol> <p>Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 бағыттағы(<i>мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.</i>)оффлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру.</p>
Сандық нәтижелері	<p>Тікелей қамту – 1200 адам</p> <p>Жанама қамту – 4000 адам</p>
Сапалық нәтижелер және оларды	<ol style="list-style-type: none"> <li>Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін нысаналы топтардың қатысуымен бағалау</li> </ol>

өлшеу тәсілдері	<p>сауалнамасы жүргізіледі.</p> <p>2. Жобаны жүзеге асыру кезіндегі кері байланыс және әр деңгейдегі мақсатты топты қанағаттандыру іс-шаралардан кейінгі пікірлер арқылы жүзеге асады.</p> <p>3. Сондай-ақ мақсатты топтың қанағаттану көрсеткіштерінің бірі жобаның жүзеге асырылғаны туралы әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен жарияланымдардың «лайк» саны болып саналады.</p>				
<p>12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*</p> <p>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады</p>	Серіктес		Қолдау түрі		
<p>13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады</p>	<p>Әлеуметтік жобаны ақпараттық тұрғыда қолдау жобаның жүзеге асу барысында тұрақты түрде жүргізілетін болады. Әлеуметтік жоба жұмысының алғашқы айында жобаның ашылуын хабардар ету туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне брифинг өткізіледі. Брифингте жергілікті телеарналар мен интернет сайттарды, мерзімді баспасөз өкілдерін қамту көзделуде. Жобаның ашылуы туралы хабардар ету сонымен қатар әлеуметтік желі арқылы жобаның арнайы парақшаларында да, жобаны жүзеге асырушы қоғамдық қордың парақшаларында да жүзеге асады.</p> <p>Бұған қоса, ақпараттық қолдау жоба барысында тұрақты жүргізіледі. Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның соңғы айында да баспасөз брифингін өткізу, брифингте жергілікті БАҚ өкілдерін қамту көзделіп отыр.</p>				
4. Күнтізбелік жоспар					
№ Р/с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Дайындық кезеңін жүзеге асыру	Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету	1 мамыр, 2024 жыл	10 мамыр, 2024 жыл	Жұмыс тобы құрылады, медиа-план, контент-жоспар жасақталады
2	Ақпараттық кезеңді бастау	Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу	13 мамыр, 2024 жыл	20 мамыр, 2024 жыл	Әлеуметтік жобаның қол жеткізген нәтижелері мен жобаның жүзеге асу барысын БАҚ-қа жариялау бойынша серіктестер айқындалады
3	Ақпараттық кезеңді жүзеге асыру	Жобаның ашылуын хабардар ету туралы	21 мамыр,	30 мамыр,	Брифинг өткізіліп, БАҚ-та жарияланады



		БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу	2024 жыл	2024 жыл	
4	Жобаны жүзеге асыру		1 маусым, 2024 жыл	31 қазан 2024 жыл	
5	Жобаның жүзеге асу барысын ақпараттандыру	Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар дайындау, өңдеу, жариялау	1 маусым, 2024 жыл	31 қазан, 2024 жыл	Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар жарияланады
6	Жобаны аяқтау кезеңін жүзеге асыру	Жобаның қорытындысы мен қол жеткізген нәтижелер туралы хабардар ету мақсатындағы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу	21 қазан, 2024 жыл	31 қазан 2024 жыл	Жобаның қорытындылары мен қол жеткізген нәтижелер туралы БАҚ-тың қатысуымен арнайы брифинг өткізіледі

5. Өлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
1.	<b>Әкімшілік шығындар</b>						<b>2 726 640,00</b>	
	<b>Жалақы, соның ішінде:</b>						<b>2 400 000,00</b>	
	Жоба жетекшісі	Ай	6	200 000,00	1 200 000,00		1 200 000,00	Жоба жетекшісі барлық жұмыстың жүйелі жүруін және сапалы іске асуын қадағалайды, іс-шараларды ұйымдастырады, серіктестермен келісу, тартылатын мамандарды ұйымдастырады.
	Есепші	Ай	6	100 000,00	100 000,00		600 000,00	Есепші жобаның шығын есебін, төлемдерді, жүргізіп, қаржылай және салық есептерін жасақтайды.

	SMM маман	Ай	6	100 000,00	100 000,00		600 000,00	SMM маман жобаның барлық интернет желілерге, сайттар мен каналдарға, пабликтерге орналасуына, БАҚ құралдарымен бірлікте жұмыс істеуге жауап береді
	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	Ай	6	39 440,00	236 640,00		<b>236 640,00</b>	ҚР заңнамасына сәйкес салықтар мен аударымдар
	Міндетті медициналық сақтандыру	Ай	6	12 000,00	72 000,00		<b>72 000,00</b>	ҚР заңнамасына сәйкес мед.сақтандыруға аударымдар
	Банк қызметтері	Қызмет	6	2 000	12 000		<b>12 000</b>	Банк тарифіне сәйкес банктің төлемдер жүргізу қызметі
	Өзге де шығыстар, оның ішінде							
	Почта қызметі	Қызмет	1	6 000,00	6 000,00		<b>6 000,00</b>	
<b>2</b>	<b>Тура шығыстар:</b>				<b>7 248 880,00</b>		<b>7 248 880,00</b>	
	1- шара, Ақтау қаласы әкелерінің ролін нығайту, әке мен баланың қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған кемінде 600 адамның қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып, қалалық ақпараттық жиын өткізу, оның ішінде				<b>1 165 844,00</b>		<b>1 165 844,00</b>	
	Шақырылатын спикердің қызметі	Қызмет	1	300 000,00	300 000,00		300 000,00	Республикалық деңгейдегі спикердің қаламақысы (№4 кестеге сәйкес)

Әуе билеті (екі бағытқа)	Қызмет	1	80 000,00	80 000,00		80 000,00	Әуе агенттерінің өтініш толтырылған мерзімдегі тарифіне сәйкес (бару-келу қоса алғанда)
Қонақ үй қызметі (1 тәулік)	Күн	1	18 460,00	18 460,00		18 460,00	5 АЕК артық емес
Тәуліктік шығын (суточные)	Күн	1	7 384,00	7 384,00		7 384,00	2 АЕК артық емес
Трансфер, спикерге арналған көлік тасымалы қызметі	Қызмет	1	10 000,00	10 000,00		10 000,00	3 АЕК артық емес
Модератор қызметі	Қызмет	1	50 000,00	50 000,00		50 000,00	Шара модераторының қаламақысы
Шараны өткізуге арналған залды жалдау (лед-экран, жарық, техникаларымен)	Қызмет	1	600 000,00	600 000,00		600 000,00	Келісім-шартқа отыру арқылы залды жалға алу құны адам басына 0,3 АЕК артық емес (№7 кестеге сәйкес), қатысушы саны 600 адам
Банер әзірлеу (6*3)	Қызмет	1	100 000,00	100 000,00		100 000,00	Баспахана тарифіне сәйкес шаршы метрге және каркасты құру-жинау, дизайнын дайындау қызметін қоса алғандағы қызметтің ақысы
<b>2-шара, Ақтау қаласындағы кемінде 300 әлеуметтік осал топқа жататын аналарды жігерлендіруге</b>				<b>1 231 688,00</b>		<b>1 231 688,00</b>	

<b>бағытталған республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 2 қалалықбетне бет кездесу ұйымдастыру оның ішінде:</b>								
Шақырылатын спикердің қызметі (2 адам)	Қызмет	2	300 000,00	600 000,00		600 000,00	Республикалық деңгейдегі спикердің қаламақысы (№4 кестеге сәйкес) 1 адамға 140 АЕК артық емес	
Әуе билеті (екі бағытқа) – 2 адамға	Қызмет	2	80 000,00	160 000,00		160 000,00	Әуе агенттітерінің өтініш толтырылған мерзімдегі тарифіне сәйкес (бару-келу қоса алғанда)	
Қонақ үй қызметі (1 тәулік) – 2 адамға	Күн	2	18 460,00	36 920,00		36 920,00	1 адамға 5 АЕК артық емес	
Тәуліктік шығын (суточные) – 2 адамға	Күн	2	7 384,00	14 768,00		14 768,00	1 адамға 2 АЕК артық емес	
Трансфер, спикерге арналған көлік тасымалы қызметі	Қызмет	2	10 000,00	20 000,00		20 000,00	1 күнге 3 АЕК артық емес	
Шараны өткізуге арналған залды жалдау	Қызмет	2	150 000,00	300 000,00		300 000,00	Келісім-шартқа отыру арқылы залды жалға алу құны адам басына 0,3 АЕК артық емес (№7 кестеге сәйкес), қатысушы саны 300 адам	
Банер әзірлеу (6*3)	Қызмет	1	100 000,00	100 000,00		100 000,00	Баспахана тарифіне сәйкес шаршы метрге	

								және каркасты құру- жинау, дизайнын дайындау қызметін қоса алғандағы қызметтің ақысы
	<b>3-шара, Ақтау қаласының жасөспірімдері мен жастары арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың (нашақорлық пен ойынқұмарлық, ерте жүктілік, суицид) алдын алуға бағытталған республикалық, халықаралық олимпиада, спорттық шаралардың жеңімпаздарын (оқушыларды) тарта отырып кемінде 200 адамның қатысуымен 2 ірі іс-шара ұйымдастыру, оның ішінде</b>				<b>1 040 000,00</b>		<b>1 040 000,00</b>	
Шақырылатын спикердің қызметі (4 адам)	Қызмет	4	100 000,00	400 000,00			400 000,00	Спикерге төленетені қаламақы, №4 кестеге сәйкес 1 адамға 140 АЕК артық емес
Модератор қызметі	Қызмет	1	100 000,00	100 000,00			100 000,00	Өлкеге белгілі тұлғамен келісім-шарт жасау арқылы модераторлық қызметі үшін берілетін қаламақы

Шараны өткізуге арналған залды жалдау	Қызмет	2	100 000,00	200 000,00		200 000,00	Келісім-шартқа отыру арқылы залды жалға алу құны адам басына 0,3 АЕК артық емес (№7 кестеге сәйкес), қатысушы саны 200 адамнан кем емес
Үлестіру материалдары (брошюра және тб)		200	200,00	40 000,00		40 000,00	Қатысушыларға үлестірілетін тақырыптық полиграфиялық өнімдерді шығару ақысы
Бейнеролик әзірлеу (5 минуттан ұзақ емес)		4	50 000,00	200 000,00		200 000,00	Қатысушы спикерлер туралы қысқаша баяндама, жетістіктері туралы бейнеролик әзірлеу қызметінің ақысы
Банер әзірлеу (6*3)	Қызмет	1	100 000,00	100 000,00		100 000,00	Баспахана тарифіне сәйкес шаршы метрге және каркасты құру-жинау, дизайнын дайындау қызметін қоса алғандағы қызметтің ақысы
<b>4-шара, Тұрмыстық немесе физикалық зорлық-зомбылық көрген 50 әйелдің құқықтық және қаржылық, менталды</b>				<b>1 116 348,00</b>		<b>1 116 348,00</b>	

	<b>сауаттылығын арттыру мақсатында ауқымды 2офлайн оқыту шарасын өткізу, оның ішінде:</b>							
	Шақырылатын спикердің қызметі (2 күн)	Қызмет	2	300 000,00	600 000,00		600 000,00	Республикалық деңгейдегі спикердің қаламақысы (№4 кестеге сәйкес) 1 күнге 140 АЕК артық емес
	Әуе билеті (екі бағытқа)	Қызмет	1	80 000,00	80 000,00		80 000,00	Әуе агенттерінің өтініш толтырылған мерзімдегі тарифіне сәйкес (бару-келу қоса алғанда)
	Қонақ үй қызметі (3 тәулік)	Күн	3	18 460,00	55 380,00		55 380,00	1 күнге 5 АЕК артық емес
	Тәуліктік шығын (суточные)	Күн	2	7 384,00	14 768,00		14 768,00	1 күнге 2 АЕК артық емес
	Трансфер, спикерге арналған көлік тасымалы қызметі	Қызмет	3	10 000,00	30 000,00		30 000,00	1 күнге 3 АЕК артық емес
	Шараны өткізуге арналған залды жалдау (2 күн)	Қызмет	2	25 000,00	50 000,00		50 000,00	Келісім-шартқа отыру арқылы залды жалға алу құны адам басына 0,3 АЕК артық емес (№7 кестеге сәйкес), қатысушы саны 50 адамнан кем емес
	Буфет қызметі	Қызмет	50	3 692,00	184 600,00		184 600,00	№5 кестеге сәйкес бір адамға шаққанда 1 АЕК артық емес
	Курсқа қатысушыларға арналған канцелярлық	Қызмет	50	1 400,00	70 000,00		70 000,00	Қатысушыларға үлестірілетін

тауарлар сатып алу (қаламсап, блокнот, папка және тб)							тақырыптық полиграфиялық өнімдерді шығару ақысы
Ауыз су 0,5	Қызмет	100	216,00	21 600,00		21 600,00	Оқу шарасына қатысушыларға арналған ауыз суларды сатып алу қызметінің ақысы
Сертификат әзірлеу қызметі	Қызмет	50	200,00	10 000,00		10 000,00	Қатысушыларға арналған сертификат шығару қызметінің ақысы
<b>5-шара, Қала әйелдерін өз ісін ашуға ынталандыруға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен кемінде 4 бағыттағы(мысалы, кондитер, шаштараз, маникюр, массаж, тігін және т.б.)оффлайн шеберлік сағатын ұйымдастыру (30 күн), оның ішінде</b>				<b>2 695 000,00</b>		<b>2 695 000,00</b>	
Шеберлік сағатын өткізетін тігіншінің қызметі	Күн	30	500 000,00	500 000,00		500 000,00	Мастер өз цехында және өз материалдарымен оқытады (шикізат өзінен)
Шеберлік сағатын өткізетін аспаздың қызметі	Күн	30	500 000,00	500 000,00		500 000,00	Мастер өз цехында және өз материалдарымен оқытады (шикізат өзінен)



Шеберлік сағатын өткізетін шаштараз қызметі	Күн	30	500 000,00	500 000,00		500 000,00	Мастер өз салонында және өз материалдарымен оқытады (шикізат өзінен)
Шеберлік сағатын өткізетін бет әрлеуші қызметі	Күн	30	500 000,00	500 000,00		500 000,00	Мастер өз салонында және өз материалдарымен оқытады (шикізат өзінен)
Қатысушыларды марапаттау үшін зал жалдау	Қызмет	1	55 000,00	55 000,00		55 000,00	Келісім-шартқа отыру арқылы залды жалға алу құны адам басына 0,3 АЕК артық емес (№7 кестеге сәйкес), қатысушы саны 50 адамнан кем емес
Сертификат әзірлеу қызметі (рамкасымен)	Қызмет	50	2000,00	100 000,00		100 000,00	Қатысушыларға арналған сертификат шығару қызметінің ақысы
Қатысушылар мен мастерлерге гүл сатып алу	Қызмет	54	10 000,00	540 000,00		540 000,00	Шара соңында шеберлік сағатына қатысушылар мен үйреткен мастерлерге шүл шоқтарын сатып алу қызметінің ақысы
<b>Жиынында:</b>						<b>9 975 520,00</b>	

\* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

#### 6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

*Директор Шаймурзаев Т.Р.* 2024 ж. "04" наурыз.

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

